

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Жамалханов Мұратхан Уалиханұлы

**БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ОРТАНЫ ДАМУЫ МАҚСАТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК
САТЫП АЛУ ПРОЦЕСІН ЖАҢҒЫРТУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және басқару
магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба


Ғылыми жетекші



D.B.A. Dzhakupov A.K.

Жоба қорғауға жіберілді: « 12 » маусым 2023 ж.

Институт директоры:



саяси ғылымдарының
докторы Ғайпов З.С.

Астана, 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Жамалханов Мұратхан Уалиханұлы

**БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ОРТАНЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК
САТЫП АЛУ ПРОЦЕСІН ЖАҢҒЫРТУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және басқару
магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ ДВА. Джакупов А.К.

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2023 ж.

Институт директоры: _____ саяси ғылымдарының
докторы Ғаипов З.С.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	8
ҚОРЫТЫНДЫ.....	35
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	37
ҚОСЫМШАЛАР	43

Нормативтік сілтемелер

«Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Заңы.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №694 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №697 бұйрығы.

«Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1200 қаулысы.

«Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы №516 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №1127 бұйрығы.

«Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №521 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №798 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 4 ақпандағы №104 бұйрығы.

«Бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №484 Жарлығы.

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы №47-VII Заңы.

«Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №1253 бұйрығы.

«Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы №44 бұйрығы.

«Электрондық тауарлар каталогінен мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №52 бұйрығы.

«Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының - Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қарашадағы №1203 бұйрығы.

Белгілеулер мен қысқартулар

АДБ	Азия даму банкі
АҚ	акционерлік қоғам
ӘК	әлеуметтік корпорациялар
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
ДБ	Дүниежүзілік банк
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕАЭО	ЕурАзиялық Экономикалық Одақ
ЕҚДБ	Еуразиялық қайта құру және даму банкі
ҚР	Қазақстан Республикасы
МСА	мемлекеттік сатып алу
МСАтК	мемлекеттік сатып алу туралы келісім
НҚА	нормативтік құқықтық актілер
ІМАД	Ішкі мемлекеттік аудит департаменті
ІМАК	Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
РБЖ	рейтингтік-балдық жүйе
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
ТЖКҚ	тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер
ҰБХ	ұлттық басқарушы холдинг
ҰК	ұлттық компания
ҰХ	ұлттық холдинг
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы бәсекеге қабілеттілігін сақтау үшін заманауи инфрақұрылым құруды, инновациялық экономиканы қалыптастыру үшін өнеркәсіпті технологиялық жаңартуды қамтамасыз ететін ауқымды жаңғырту қажет. Біздің ел экономикасының дамудың инновациялық әлеуметтік-бағдарланған моделіне көшуі мемлекеттік реттеу институттарының, мемлекеттік функцияларды іске асыру құралдары мен технологияларының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу жүйесінің институттары мен тетіктерінің сапалы өзгеруін ұйғарады [1].

Мемлекеттік сатып алу жүйесін жаңғыртудың негізгі қағидалары мен тәсілдері қазіргі уақытта экономикалық қоғамдастықта қызу пікірталас тақырыбы болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары, азаматтық қоғамдастық және тәуелсіз сарапшылар тарапынан осы мәселеге ерекше назар аудару мемлекет мұқтажы үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінетін бюджет қаражатының үлкен көлемімен және осы саладағы жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен түсіндіріледі.

2018 жылы Қазақстанда мемлекеттік сатып алу рәсімдері жетілдірілді. Барлық сатып алу процестері электрондық форматқа ауыстырылды. Осыған қарамастан, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде шығыстарды игермеу себептері әлі де өткізілмеген немесе уақтылы өткізілмеген конкурстар болып қала береді. Бұл мемлекеттік органдарда мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстың дұрыс ұйымдастырылмағанын көрсетеді, мысалы, 2022 жылғы қаңтар-наурызда мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар 120 млрд. теңгеден астам сомамен есептеледі [2].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында мемлекеттік сатып алулар өздерінде өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге кетуі мүмкін резервті (кейбір есептеулер бойынша жылына 400 млрд. теңгеге дейін) жасыратынын атап өтті [3].

Көрсетілген мәселелері өз шешімін табуды, жана тәсілдерді іздеуді, қалыптасқан жағдайдан шығудың себептері мен алғышарттарын терең зерттеуді, нақты ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеуді талап етеді.

Магистрлік жобаның мақсаты – бәсекеге қабілетті ортаны дамыту мақсатында мемлекеттік сатып алу процесін жаңғырту бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Осы қойған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** орындалды:

- жүйені жаңғырту процесінде мемлекеттік сатып алу субъектілерінің қатынастарын реттейтін НҚА зерделеу және талдау;

- әдеби дереккөздерді, оның ішінде шетелдік авторларды, зерделеу және магистрлік жоба тақырыбы бойынша әдеби шолу жүргізу;

- мемлекеттік сатып алуды өткізудің ағымдағы жағдайын талдау және бәсекеге қабілетті ортаны дамыту мәселелерін анықтау;

- бәсекеге қабілетті ортаны дамыту мақсатында мемлекеттік сатып алу процесін жаңғырту бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу нысаны мемлекеттік сатып алу процесі болып табылады.

Зерттеу пәні – Қазақстанда бәсекеге қабілетті ортаны дамыту мақсатында мемлекеттік сатып алу процесін жаңғыртуға байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастар.

Гипотеза немесе күтілетін нәтижелер: егер мемлекеттік сатып алу қағидасының қаржылық тұрақтылық көрсеткішін есептеу формуласына өзгерістер енгізілсе, онда бәсекелестік көлемі арттырады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы ұсынылған ұсынымдар бәсекелестіктің өсуіне, мемлекеттік сатып алу процесін жаңғырту мақсатында мемлекеттік органдармен қолдану мүмкіндігін беретіндігінен тұрады.

Әдебиетке шолу

Ғылыми ортада мемлекеттік сатып алу жүйесінің жұмыс істеу мәселелеріне кең және мұқият назар аударылады. Мемлекет мұқтажы үшін келісім-шарттық сатып алу жүйесі жұмыс істеуінің жалпы мәселелері тұрғысынан мұнда И.Н. Мельников, А.Ю. Климова, П.В. Самолысов, М.А. Булгаков және басқа да ғалымдардың жұмыстарын атап өтуге болады. Өз мақаласында И.Н. Мельников пен А.Ю. Климова мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін арттыру және осы институтты іске асыру жолындағы әкімшілік және құқықтық кедергілерді жою мәселелерін қарастырады. Қазіргі заманғы ғылым мен практика мемлекеттік сатып алудың келісім-шарттық жүйесінің жұмысындағы айтарлықтай кемшіліктерді тіркейді. Ұсынылған мақалада олардың кейбіреулері ғана қарастырылады, мысалы: сауда-саттыққа қатысу үшін ұзақ мерзімді аккредиттеу, өтінім мен келісім-шартты қамтамасыз етудің болуы, сондай-ақ біліктілік талаптарының болмауына байланысты тапсырыс берушілердің сапалы кадрлық әлеует тапшылығының болуы [4].

П.В. Самолысов пен М.А. Булгакова өз жұмыстарында «мемлекеттік сатып алу жүйесі – мемлекеттік қаржыны басқарудың негізгі элементі» деп атап өтті. Авторлардың пікірінше, мемлекеттік сатып алу қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз етеді және экономиканы мемлекеттік реттеу функциясын орындайды. Сондай-ақ, олар бұл экономикалық жүйе бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің төмен дәрежесіне және сауда-саттықтағы сыбайлас жемқорлықтың жоғары дәрежесіне және экономиканың картельденуіне байланысты жетілмеген деп болжайды. Сондықтан мемлекет мұқтажын қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу саласындағы келісім-шарттық жүйені ұйымдастыру мәселелеріне қатысты сұрақтар әрқашан өзекті болып табылады [5].

Қорғаныс ведомстволары жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алудың жекелеген мәселелері К.Е. Харжавиннің жұмысында қаралады. Магистрант өзінің магистрлік диссертациясында қорғаныс ведомстволары үшін мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік сатып алу жүйесінің әдіснамасын және мемлекеттік сатып алудың практикалық аспектілерін қарастырды [6].

Ұлттық экономикалық жүйеде мемлекеттік сатып алудың экономикалық мәні мен мазмұнын ғылыми зерттеуде авторлар пайдаланатын мемлекеттік сатып алу жүйесінің отандық теориясын қалыптастыруға А.А. Әбдіғалиев, С.Б. Бақтиярова, Д.Б. Есмағамбетов, А.С. Кожумов, А.Т. Кеншинбаева, А.К. Шәріпов, А.И. Ормышев үлкен үлес қосты. Заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін үміттенуге өзінің магистрлік диссертациясында А.А. Әбдіғалиев ЕАЭО шеңберінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру процесінде Қазақстан Республикасының әлеуетті өнім берушілерінің мүдделерін қамтамасыз ету мәселесіне басты назар аударды, соның ішінде ол

ЕАЭО аумағында мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеуді де зерттеді [7]. С.Б. Бақтиярова өзінің магистрлік жобасында мемлекеттік сатып алуды басқару жүйесін жетілдіру мәселелерін кадрлық әлеуетті арттыру, мемлекеттік сатып алу субъектілерінің кәсіби құзыреттерін арттыру призмасы арқылы қарастырады [8]. Біздің елімізде мемлекеттік сатып алу саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі мәселесі шетелдік авторлардың еңбектерінде де атап өтіледі [9]. Д.Б. Есмағамбетов пен А.С. Кожумов өздерінің аналитикалық жазбаларында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігі мәселесін қозғайды [10]. Бұл мәселенің өзектілігі соншалық, оны Мемлекет басшысы өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында бірнеше рет көтерген [11-13]. А.Т. Кеншинбаеваның магистрлік жобасы 2017-2021 жылдар аралығындағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің заңнамалық базасы мен электрондық платформасына талдау жүргізуге бағытталған [14].

Жұмыстардағы мемлекеттік сатып алу жүйесін жаңғыртуға ғылыми зерттеулерде ерекше мән берілген [1, 15]. И.И. Смотрицкая өз мақаласында қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту мен дамытудың институционалдық негіздеріне талдау жүргізеді, Ресейдің Экономикалық даму министрлігі мен Ресейдің Федералды монополияға қарсы қызметі мемлекеттік сатып алу жүйесін жаңғыртудың әзірленген Жобаларының тұжырымдамалық тәсілдері мен түбегейлі айырмашылықтарын қарастырады, мемлекеттік сатып алудың тиімділігі мен инновациялық белсенділігін арттырудың басым міндетін іске асыру үшін институционалдық орта мен жаңғырту тетіктерін қалыптастыру бойынша ұсыныстар береді [1]. С.С. Шувалова ғылыми баяндамасында Ресей экономикасын жаңғырту және импортты алмастыру процестерін ынталандыру мақсатында мемлекеттік сатып алуды және келісім-шарттық жүйенің басқа тетіктерін пайдалану мәселелерін қарастырады. Келісім-шарттық жүйенің инновациялық функциясын дамытуға, мемлекеттік сатып алулардың инновациялық белсенділігін арттыру міндетіне сай келетін жағдайлар мен тетіктерді қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударады [15].

Отандық және шетелдік авторлар Д.Б. Есмағамбетов, Л.И. Құсайынова, Ш.М. Қантарбаева, Е.С. Мұхтар, В.С. Скворцова, Т.В. Тищенконың еңбектерінде практикалық контент сұрақтары бар. Д.Б. Есмағамбетов және оның бірлескен авторлары өздерінің ғылыми еңбектерінде мемлекеттік сатып алудағы жергілікті қамтуды дамытуда стандарттау жүйесін қолдану мүмкіндігін қарастырады [16]. Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациясында Е.С. Мұхтар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі логистикалық процестерді реттеудің мәселелері мен перспективаларын ашады [17]. В.С. Скворцованың пікірінше, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде преференциялар беру қатысушылардың жекелеген санаттарына қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Ол Ресейдің келісім-шарттық жүйе туралы заңнамасында, атап айтқанда, мүгедектер ұйымдарын сатып алу рәсімінде жеңіске жеткен жағдайда оларға баға преференциясын беру арқылы қолдау қарастырылғанын айтады. Бұл

шара қазіргі заманғы мемлекеттің маңызды әлеуметтік міндеттерінің бірі болып табылатын мүгедектердің қоғамдық өндіріске интеграциялануына ықпал етуге арналған. Аталмыш жұмыста мұндай преференцияны іс жүзінде іске асыруға талдау жүргізілді, мәселелер анықталды және оларды жоюдың мүмкін жолдары ұсынылды [18]. Т.В. Тищенконың ғылыми мақаласы бәсекелестікті дамытуға, мемлекет үшін маңызды қызмет бағыттарын ынталандыруға, бизнестің мемлекеттік сатып алуға қатысуын кеңейту үшін жағдай жасауға бағдарланған мемлекеттік сатып алу өрісінде нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырудың халықаралық тәжірибесін зерттеу нәтижелерін ұсынуға, сондай-ақ олардың экономикаға оң әсерін барынша арттыру және нақты сектор кәсіпорындарының тендерлерге қатысуы үшін шектеулерді алып тастау мақсатында мемлекеттік сатып алудың институционалдық негіздерін қалыптастыру кезінде әртүрлі елдерде қолданылатын негізгі қағидалар мен тәсілдемелерді сипаттауға бағытталған [19].

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің проблематикасы Ж.М. Хамитов, Г.А. Жүнісбекова, Б.Б. Әубәкірова, Л.А. Горковенко, О.В. Протасова, М.Г. Умнова, О.И. Лаврентьева, А.В. Измяковтың еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, Ж.М. Хамитов пен Г.А. Жүнісбекова өз жұмысында Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың заманауи мәселелерін қарастырады, атап айтқанда ең өткір мәселеге – осы саланың сыбайлас жемқорлығына – ерекше назар аударылды [20]. Б.Б. Әубәкірова мен оның авторластары ҚР-дағы электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінің мәселелері мен даму перспективаларын атап көрсетеді, атап айтқанда, олар мынадай негізгі мәселелерді атап өтеді: мемлекеттік сатып алудың салық-құқықтық базасын тұрақты өзгерту; электрондық алаңдарды техникалық интеграциялау; тіркелмеген әлеуетті өнім берушілер қолжетімділігінің шектелуі [21]. Ресейлік зерттеушілер Умнова М.Г. және оның авторластары өз мақаласында мемлекеттік сатып алу жүйесінің заңнамалық және құқықтық базасының жетілмегендігі сияқты мәселеге назар аударады [22].

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі Е.Р. Борисова, Н.А. Проданова, Е.И. Зацаринная, V.V. Melnikov & O.A. Lukashenko, Rainer Kattel, Veiko Lember еңбектерінде келтірілген. Е.Р. Борисованың жұмысында мемлекеттік сатып алудың халықаралық жүйесі және Ресей Федерациясындағы мемлекеттік және муниципалды сатып алудың келісім-шарттық жүйесі ретінде прокьюременттің негізінде жатқан реттеу салалары мен қағидаларының салыстырмалы сипаттамасы келтірілген. Ашықтық пен айқындық, бәсекелестікті қамтамасыз ету, жауапкершілік, тиімділік, тапсырыс берушінің кәсібилігі, инновацияларды ынталандыру және келісім-шарт жүйесінің бірлігі қағидаларының айрықша ерекшеліктерінің сипаттамасы берілген [23]. Н.А. Проданова және Е.И. Зацаринная мемлекеттік сатып алу ұлттық өндірістің шетелдік ресурстар мен капитал көздеріне технологиялық және қаржылық тәуелділігін төмендетудің пәрменді және тиімді құралы болып табылатындығынан тұратын Қытайдағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің ерекшеліктерімен бөліседі [24].

Scopus дерекқорының журналында жарияланған V.V. Melnikov & O.A. Lukashenko мақаласы қазіргі Ресейдегі аукциондық технологиялардың эволюциясын және тиісті нормативтік-құқықтық реттеуді ұсынады. Ресейлік мемлекеттік сатып алу жүйесінде аукциондарды өткізудің әртүрлі әдістерін егжей-тегжейлі салыстырмалы талдау нәтижесінде аукциондық технологияларды трансформациялау логикасы анықталды. Сатып алу қызметін жүзеге асыру тетіктерінің бақыланатын біркелкілігіне қол жеткізуге үлес қосқан, қатысушылар үшін жаңа нарықтың үлкен болжамдылығы мен тартымдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берген, мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін негіздемелік жағдайлар мен алғышарттар жасаған ресми ережелер көрсетілген. Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық және сапаны қамтамасыз ету факторлары қарастырылған [25].

Rainer Kattel, Veiko Lember өз мақаласында өзара байланысты екі сұраққа жауап беруге тырысады: дамушы елдердің өз елдерін дамыту үшін мемлекеттік сатып алу жүйесін пайдалануы орынды ма және дамушы елдердің көпшілігі Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) Мемлекеттік сатып алу туралы келісіміне (МСАтК) қосылуы керек пе [26].

Е.В. Шадрин мен И.В. Ромодиннің еңбектерінде назар аударылған орнықты мемлекеттік сатып алу сұрақтары зерттеудің жеке тақырыбына айналды. Авторлар өздерінің ғылыми зерттеулерінде САБ бойынша халықаралық бағдарламаларды талдайды, Франция, Ұлыбритания, Қытай және Бразилия сияқты елдердің тәжірибесін қарастырады [27].

Мемлекеттік сатып алу жүйесі жұмыс істеуінің шарттары мен мәселелерін зерделеуге ерекше көңіл бөлінеді, бұған соңғы жылдары мемлекеттік деңгейде мемлекеттік сатып алу жүйесіне қатысушылардың форумдары, семинарлары мен конференцияларын өткізу белсенділігінің өсуі дәлел бола алады. Мемлекеттік сатып алудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және жұмыс істеу процестерін басқарудың және мониторингтеудің инновациялық әдістерін ендіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізілуде.

Магистрлік жобаны дайындау барысында біз сондай-ақ «бәсекелестік орта», «жаңғырту» және «мемлекеттік сатып алу» сияқты дефиницияларды зерделедік.

Н.И. Усиктің пікірінше «бәсекелестік орта – бұл нарық субъектілерінің қызметін үйлестірудің институционалдық шарттары. Бұл анықтамадан «бәсекелестік орта» ұғымы дамыған инфрақұрылымы бар мемлекеттік немесе өңірлік біліммен, азды-көпті біртұтас бюджеттік салық, ақша-несие саясатының құралдарымен және тиісті институттармен байланысты екендігі туындайды» [28].

Вальтер Ойкен «бәсекелестік орта – бұл белгіленген мақсаттарды іске асыру нәтижелерін жедел мониторингтеу әсерінен өзгертін, заңнамалық түрде бекітілген шаруашылық жүргізу нормалары мен ережелеріне негізделген бәсекелестік тәртіп» деп есептеді [29].

Жаңғырту әлеуметтік дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі көптеген бір мезгілдік өзгерістерді қамтитын жан-жақты процесс ретінде сипатталады. Шувалов жаңғырту бірқатар келесідей өзара байланысты компоненттерді қамтитын кешенді процесс деп санайды:

- жаңа, ең алдымен жоғары технологиялық, өнеркәсіп секторлары мен салаларын (оның ішінде жаңа технологиялық құрылымның өзегі болып табылатын) қалыптастыру базасын құрайтын технологияларды әзірлеу және тарату;

- дәстүрлі, оның ішінде орта және төмен технологиялық, өнеркәсіп секторлары мен салаларының өндірістік әлеуетін жаңарту базасын құрайтын инновациялық технологияларды әзірлеу және тарату;

- мемлекеттің, қоғамдық сектордың (оның ішінде әлеуметтік сала деп аталатын) жұмыс істеу тиімділігін, мемлекеттік қызметтер сапасын арттыруды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялардың таралуына жәрдемдесу;

- ұлттық экономиканың технологиялық және өзге де инновацияларға бейімділігін арттыратын экономикалық және өзге де қоғамдық қатынастардың (ресми және бейресми институттардың) тиімді нысандарын таратуға жәрдемдесу [15].

Қазіргі заманғы құқықтық және экономикалық ғылыми ойда мемлекеттік сатып алудың әртүрлі анықтамалары мен түсіндірмелері бар.

Белгілі бір авторлар мемлекеттік сатып алуды экономикалық санат ретінде қарастыра отырып, оны «бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен әлеуетті жеткізушілер арқылы бюджет қаражатын басқарушылар арасындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға бюджет қаражатын бөлу және қайта бөлу жөніндегі экономикалық қатынастардың жиынтығы» деп анықтайды [30].

Зерттеу әдістері

ҚР-да мемлекеттік сатып алудың ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізу үшін осы саладағы ғалымдардың отандық және шетелдік еңбектері пайдаланылды. Жұмыста ҚР Мемлекеттік сатып алу веб-порталының есептік деректері, Қаржы министрлігінің, Дүниежүзілік банктің статистикалық деректері пайдаланылды. Талдау және синтез әдісімен сатып алу жүйесі бөліктер бойынша да, тұтастай алғанда да зерттелді. Бұл магистрлік жобада мемлекеттік сатып алу саласының нормативтік-құқықтық базасы, ҚР Президентінің Жарлықтары, заңдар, ҚР Үкіметінің қаулылары, халықаралық экономикалық ұйымдардың, Дүниежүзілік Банктің ныстары талданған. Атап айтқанда, 10 тараудан және 52 баптан тұратын Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңы талданды [31]. Осы Заңмен тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алу субъектілері арасындағы қатынастар реттеледі. Одан басқа тағы да бір маңызды НҚА Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары болып табылады [32]. Магистрлік жобаның тақырыбына тікелей қатысы бар тағы бір НҚА Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №484 Жарлығымен бекітілген «Бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы» болып табылады [33]. Бұл құжатта бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына және мемлекеттік органдардың сатып алуларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету сипатталған. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және жүзеге асыру процесінде туындайтын мемлекеттік сатып алу субъектілері арасындағы қатынастарды реттейтін НҚА зерделеу негізінде Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесін құқықтық реттеуге SWOT-талдау жүргізілді.

Өзекті ақпараттық деректер ғалымдардың еңбектерінен, камералдық ішкі мемлекеттік аудиттің үзіндісінен зерделенді, отандық мемлекеттік сатып алу веб-порталының материалдары, жаңалықтар порталдарынан, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша мемлекеттік органдардың есептері мен халықаралық шолулар пайдаланылды. Магистрлік жобаны жазу барысында салыстырмалы талдау, деректерді топтастыру, жүйелік талдау қолданылды. Зерттеудің сандық және сапалық әдістері мемлекеттік сатып алудың нақты аспектілерін зерттеу барысында қолданылды. Статистикалық байқау мемлекеттік сатып алу веб-порталының деректері негізінде жүргізілді. Қазақстан Республикасының электрондық сатып алу жүйесінде сүзгі, сондай-ақ сатып алынатын тауарлар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы, жалпы ел бойынша және өңірлер бөлінісінде саны, әдістері, сомасы және

басқа да деректер туралы деректерді жинау және ұсыну үшін тізілімдер көзделген. Салыстырмалы талдау 2019-2022 жылдар аралығындағы камералдық бақылауды зерттеуде қолданылды. Сондай-ақ Google нысанында мемлекеттік сатып алу субъектілерінің онлайн-сауалнамасы пайдаланылды. Google нысанында жүргізілген онлайн-сауалнаманы талдау нәтижелері оған 91 респондент, оның ішінде 58 ер адам (63,7%) және 33 әйел (36,3%) қатысты. Сауалнамаға Қазақстанның барлық 20 өңірінің өкілдері қатысты, респонденттердің ең көбі (44,0%) Түркістан облысынан болды. 53,8% мемлекеттік қызметшілер болып табылады, 16,5% шағын және орта бизнесте істейді, 14,3% - бухгалтерлер.

Талдау және зерттеу нәтижелері

Кез келген зерттеу зерттелетін саладағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерттеуден басталады. Бұл магистрлік жоба да ерекшелік емес. Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік сатып алу субъектілерінің қатынастарын реттейтін НҚА белсенді түрде әзірленуде және қолданысқа енгізілуде, оларды төрт негізгі топқа бөлуге болады:

- заңдар, оларға «Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы, «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы №47-VII Заңы жатады;

- қағидалар: Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары; Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидалары; Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидалары; Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары; Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидалары; Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидалары;

- бекітілген тізбелер: Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелері, Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі, Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі, Мемлекеттік сатып алу тауарлардың электрондық каталогынан жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі, Мемлекеттік сатып алу сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

- төртінші топқа барлық басқа нормативтік құжаттар кіреді, соның ішінде «Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы №516 бұйрығы және «Бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №484 Жарлығы.

Жоғарыда аталған НҚА-ң әрқайсысына қысқаша шолу жасап, ҚР-ның «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексiнен бастайық. 207-бапта «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу тұлралы заңнамасын бұзу» жауапкершілігі қарастырылады: конкурстық құжаттамаға қойылатын талаптарды бұзу; конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді қарамау не уақтылы қарамау; конкурстық құжаттамада артық біліктілік талаптарын белгілеу; баға ұсынысы тәсілінде критерийлерді қолданбау немесе оларды дұрыс есептемеу; оларды жеткізу орны бойынша және олардың бірдей түрлері бойынша лоттарға бөлінбеу; сараптама комиссиясы немесе сарапшы дайындаған арнайы жалған сараптамалық қорытынды; өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаппен тапсырыс берушінің сотқа жүгінбеуі немесе уақтылы жүгінбеуі; бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген ТЖКҚ сатып алуы; бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру заңнамада көзделмеген жағдайларда; әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін уақтылы қарамау; алдын ала рұқсат беру хаттамасын және (немесе) конкурс қорытындылары хаттамасын уақтылы орналастырмау; мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын немесе мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастырмау немесе уақтылы орналастырмау [34].

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 5-бабында мемлекеттік сатып алу процесі келесі дәйекті қадамдарды қамтитыны көрсетілген:

1. Бюджетті қалыптастыру және сатып алуды жоспарлау: мемлекеттік тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді, әр сатып алудың параметрлерін, максималды құны мен тәсілін анықтайды.

2. Мемлекеттік тапсырыс берушілер бірыңғай ұйымдастырушылармен бірлесіп техникалық ерекшеліктерді қоса алғанда, конкурстық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

3. Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы құжаттаманы жариялау және өтінімдер беру.

4. Өтінімдерді бағалау және шарт жасасу үшін жеткізушіні автоматты түрде таңдау.

5. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау [31].

Жоғарыда аталған Заңның 13-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады (1-сурет):

Конкурс – бүкіл әлемде кең таралған әдіс. Аукцион. 2022 жылдан бастап аукцион кезеңдері келесі ретпен өткізіледі: 1 кезең: қатысушылар бір-бірінің бағасын төмендетеді, яғни тікелей аукцион, 2 кезең: жеңімпаздың біліктілігі және оның өтінімінің аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі, егер олардың жылдық көлемінің құны 8000 АЕК-тен аспаса, біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін қолданылады. Бір көзден алу. Бұл әдіс тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді белгілі бір

әлеуетті жеткізушіден тікелей сатып алуын білдіреді. Тауарлық биржалар [35]. Электрондық дүкен – осы тәсіл 2020 жылы енгізілген.



1 сурет – Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру тәсілдері

Қазіргі кезеңде Қазақстанда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың қандай тәсілдері кең таралғанына талдау жасайық. 1-кестеде 2018-2022 жылдары түрлі тәсілдермен жүзеге асырылған Мемлекеттік сатып алу көлемінің статистикасы келтірілген.


1 Кесте – Мемлекеттік сатып алудың көлемі млрд.теңге

Жылдар	2018	2019	2020	2021	2022
Барлығы, соның ішінде	4380,7	3328,2	2380,5	3813,5	3591,8
конкурс	2970,1	1647,0	440,5	2272,1	2124,3
аукциондарда	43,0	3,5	1,9	6,2	3,5
баға ұсыныстарын сұрату	104,6	46,6	149,3	98,3	206,5
бір көзден алу	1237,3	1609,4	1750,7	1369,8	1155,1
тауар биржалары	25,7	21,7	38,1	67,1	72,5
электрондық дүкен	0	0	0	0	29,9

Ескертпе: <https://goszakup.gov.kz/> сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылған


Осы кестеден көріп отырғанымыздай, 2018 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде мемлекеттік сатып алу көлемі тұрақты теріс динамикаға ие болды. 2020 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі (2380,5 млрд. теңге) 2018 жылмен салыстырғанда (4380,7 млрд. теңге) 1,5 есеге төмендеді. Бұл фактінің ең маңызды себептерінің бірі COVID-19 пандемиясы болды. Біз бір көзден алу

тәсілімен мемлекеттік сатып алу көлемімен мүлдем қарама-қайшы көріністі байқаймыз, осы кезеңде бұл тәсілмен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу көлемі 2018 жылғы 1237,3 млрд. теңгеден 2020 жылғы 1750,7 млрд. теңгеге дейін 1,4 есеге ұлғайды. Сондай-ақ, 2019 жылғы аздаған ерекшеліктермен, тауар биржаларында жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу көлемінің оң серпінін атап өткіміз келеді (2-сурет).




2 сурет– 2018-2022 жылдары тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу көлемі

Егер 2021 және 2022 жылдардағы мемлекеттік сатып алу көлемінің динамикасына салыстырмалы талдау жүргізсек, онда 3-суреттен көрініп тұрғандай, жалпы Қазақстан бойынша, тауар биржалары арқылы және 2 еседен астам өскен баға ұсыныстары тәсілімен мемлекеттік сатып алу көлемін қоспағанда, теріс динамика байқалады.



3 сурет – 2021 және 2022 жылдары түрлі тәсілдермен жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу көлемін салыстырмалы талдау, млрд. теңге

4-суретте келтірілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдерін пайдаланудың құрылымдық талдауы Қазақстанда бүкіл әлемдегідей дерлік ең кең таралған тәсіл конкурстар болып табылатынын көрсетті, олар мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемінде 2019 жылы 49,2%-дан 2018 жылы 67,8%-ға дейін, 2021 және 2022 жылдары бұл көрсеткіш тиісінше 59,6% және 59,1% құрады.



4 сурет – 2022 жылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдерінің құрылымы

Таралу дәрежесі бойынша келесісі – бір көзден алынатын тәсіл болып табылады. Бұл факт азаматтық қоғамдастық арасында, сарапшылар арасында және бақылаушы мен қадағалау органдары арасында көптеген жағымсыз пікірлер тудырады. Мемлекет басшысы өз Жолдауында «2018 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі 4,4 триллион теңгені құрады, соның 3,3 триллион теңгесі немесе 75 пайызы бәсекеден тыс тәсілмен бір көзден алу арқылы жұмсалған. Шенеуніктер мен түрлі делдалдарды пайдаға кенелтіп отырған бұл табыс көзін жабатын кез келді» деп атап өтті [3].

2022 жылы жаңа «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [36] және Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидалары [37] күшіне енді, сондай-ақ қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң жаңартылды, олар құқық қолдану практикасына сәтті кіріктірілді.

Жаңа заң мемлекеттік сатып алу процестерін жоспарлау және жүзеге асыру процесінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қатынастарын реттейді, онда заңға [31] ұқсас 9 қағида, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың 6 тәсілі, әлеуетті жабдықтаушыға қойылатын біліктілік талаптары, мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер сипатталады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында мемлекеттік сатып алуды жоспарлаудан бастап шарттар жасасуға дейінгі кезең-кезеңмен рәсімдер жазылған әрі қағидаларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың алты тәсілінің әрқайсысының тәртібі егжей-тегжейлі баяндалған [38].

Мемлекеттік сатып алу өрісіндегі тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларында тізілімдер төрт түрге бөлінетіні көрсетілген: тапсырыс берушілер тізілімі; шарттар тізілімі; жосықсыз қатысушылар тізілімі және шағымдар тізілімі. Жоғарыда аталған түрлердің әрқайсысының тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі сипатталған [39].

Мемлекеттік сатып алу өрісінде өз қызметін жүзеге асыратын қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларында қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәртібі айқындалған, атап айтқанда, сабақтарды өткізуге мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты тапсырыс берушілердің қызметкерлері қатарынан қызметкерлер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген рәсімдерге бақылауды жүзеге асыратын кемінде екі жылдық практикалық өтілі бар мемлекеттік органдардың қызметкерлері тартылуы тиіс екендігі көрсетілген, сондай-ақ оқу бағдарламасының жалпы сағаттарының кемінде 50% практикалық сабақтар болуы керек [40]. Бұл ережелер 2016 жылдан бастап қолданысқа енгізілгеніне қарамастан, көптеген сарапшылар, соның ішінде шетелдік сарапшылар «Қазақстандағы сатып алу саласындағы қызметкерлердің кәсіби деңгейі Еуропаның көптеген елдерінен артта қалып отырғанына» назар аударады [9].

Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты, оның ішінде құқықтық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктері үшін ТЖКҚ-ны қамтитын ТЖКҚ сатып алу жағдайларында ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және жүзеге асыру тәртібі жазылған [41].

Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидаларында есептіліктің 9 нысаны келтірілген және әр нысанның соңында оларды толтыру бойынша түсініктемелер бар [42].

Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларында ҰБХ, ҰХ, ҰК және әлеуметтік корпорациялардың (ӘК) мемлекеттік сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі сипатталған [37].

Соңғы 5 жылда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын ТЖКҚ әртүрлі тізбелерін бекітетін бірқатар НҚА әзірленді және қолданысқа енгізілді: мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар [43], алдын ала біліктілік іріктеу арқылы конкурс тәсілімен [44], мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын [45], негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен [46], электрондық каталогінен жүзеге асырылатын [47], өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен [48].

«Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығында [49] мемлекеттік сатып алу өрісіндегі бірыңғай оператор болып «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамы айқындалды, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 қарашадағы №792 Қаулысы негізінде «Электрондық қаржы орталығы» АҚ болып атын өзгертті.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру үшін бәсекелестікті дамытуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сатып алу процесін жеңілдетуге бағытталған бірқатар заңнамалық шаралар қабылданды. Атап айтқанда, 2022 жылғы 1 шілдеден бастап рейтингтік-балдық жүйені (РБЖ) қолдана отырып және негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурстар түрінде мемлекеттік сатып алудың жаңа тәсілдері енгізілді. Рейтингтік-балдық жүйе мемлекеттік сатып алу процесіне адамның қатысуын толығымен жоюды көздейді және конкурстық комиссиясыз жүзеге асырылады. Веб-портал автоматты түрде әлеуетті жабдықтаушыларға тиісті ұпайларды береді және жеңімпазды анықтайды. Бұдан басқа, онлайн режимінде сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық дүкен енгізілді. Ол арқылы өткен жылы 29,9 млрд. теңгеге 135,7 мың сатып алу жүргізілді [50].

Негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурс түрінде сатып алу тәсілі де өзін жақсы жағынан көрсетті, бұл рәсімдерді екі айдан 30 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Биылдан бастап сатып алынатын тауарлардың өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, конкурсқа

жаңа тәсілді қолдану жоспарланып отыр, бірақ бүгінгі таңда сарапшылардың пікірінше, ол әлі жұмыс істей бастаған жоқ.

Бәсекелестік тәсілмен сатып алуды басым жүзеге асыру туралы талап енгізілді. Сондай-ақ, тапсырыс берушінің бірінші басшысының бір көзден сатып алуды негізсіз пайдаланғаны үшін дербес жауапкершілігі көзделген. Осылайша, 2021 жылмен салыстырғанда бір көзден сатып алу көлемі 2022 жылы 36%-дан 32%-ға дейін қысқарды. Бұл ретте тапсырыс берушінің қажеттіліктерін жедел өтеуге мүмкіндік беретін аса маңызды негіздер ғана сақталды. Мысалы, табиғи монополиялар қызметтері, төтенше жағдайлар (ТЖ) кезінде сатып алу, ведомстволық бағынысты ұйымдардан сатып алу сияқты негіздер қалдырылды [51].

Жоғарыда аталғандардың барлық НҚА-ды зерделеу сатып алу жүйесін бағалау әдіснамасын (MAPS) қолданып Еуразиялық қайта құру және даму банкінің (ЕКДБ) және Азия даму банкінің (АДБ) қатысуымен Дүниежүзілік Банктің (ДБ) және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) басшылығымен өткізілген мемлекеттік сатып алу жүйесін бағалау жөніндегі ақпаратты пайдалана отырып, еліміздегі мемлекеттік сатып алу жүйесін құқықтық реттеуге SWOT-талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

2 кесте – Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесін құқықтық реттеуді SWOT-талдау

S – Күшті жақтар	W – Әлсіз жақтар
<p>Сатып алу саласындағы заңнамалық база өте жақсы дамыған және қажетті иерархияның болуымен және басымдықтың тиісті деңгейлерімен сипатталады (МСА Заңы, нормативтік-құқықтық актілер, нұсқаулықтар, үлгілік нысандар). Сонымен қатар, ол www.goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында тегін қол жетімді.</p> <p>Заңнамалық база сатып алудың рұқсат етілген тәсілдерінің және оларға қойылатын рәсімдік талаптардың жалпы сипаттамасын қамтиды.</p> <p>Реттеуші және нормативтік органның функциялары нормативтік-құқықтық базада жазылған.</p> <p>Мемлекеттік сатып алу веб-порталы нормативтік-құқықтық және реттеуші базамен, сондай-ақ нұсқаулықтар мен нұсқаулықтарды қоса алғанда, сатып алуды жүргізу стандарттары бойынша қажетті құжаттармен жеткілікті өзара байланысты қамтамасыз етеді.</p>	<p>Мемлекеттік сатып алу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны қолдану аясы өте шектеулі, өйткені ол мемлекет қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің барлық спектрін қамтымайды.</p> <p>Мемлекеттік сатып алу туралы Заңда 2022 жылы бір көзден сатып алу үшін жеті негіз алынып тасталғанына және сегіз негіз қайта қаралғанына қарамастан, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздерінің әдеттен тыс көп саны әлі де бар.</p> <p>Мемлекеттік сатып алу туралы Заңда консультациялық қызметтер үшін қандай әдістер мен рәсімдерді қолдану керектігі туралы нақты нұсқау жоқ.</p>
O - Мүмкіндіктер	T - Қатерлер
Есептен шығарылған субъектілердің	Мемлекеттік сатып алу туралы Заңға

<p>әрқайсысы қолданатын барлық қазіргі бар сатып алу ережелері мен нормаларын түгендеу, ашықтық пен адал бәсекелестікті қамтамасыз ете отырып, осы субъектілердің тиімділігі және олардың баға мен сапаның оңтайлы арақатынасына қол жеткізу дәрежесі туралы ақпарат жинау бойынша кешенді зерттеу жүргізу.</p> <p>Сатып алу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны орнықтылықтың неғұрлым қолайлы өлшемдерімен және сатып алудың бүкіл циклі барысында баға мен сапа ара-қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әдістермен толықтыру.</p>	<p>және сатып алу ережелеріне жиі өзгерістер мен толықтырулар осы өзгерістерді түсінбеушілік салдарынан көптеген бұзушылықтарға әкеледі.</p> <p>Отандық заңнамалық практикада мемлекеттік сатып алу субъектілерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін өте жеңіл жауапкершілік шаралары көзделген.</p>
<p>Ескертпе - Қазақстандағы қолданыстағы НҚА мен халықаралық сарапшылардың сараптамалық қорытындыларын талдау негізінде автормен әзірленген</p>	

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау болып табылады. Заңнамаға сәйкес [52] камералдық бақылау шеңберінде мемлекеттік сатып алу саласын бақылау мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін ғана жүргізіледі, бұл ретте бақылау объектіге бұзушылықты өз бетінше жоюды ұсыну жолымен сатып алудағы бұзушылықтардың уақтылы жолын кесуге бағытталған.

Магистрлік жобаны жазу барысында біз 2018-2022 жылдардағы электронды камералдық бақылауға талдау жасадық (3-7 кестелер).

3 кесте – 2018 жылғы электрондық камералдық бақылау нәтижелері

№	ІМАД	МСА барлығы		МСА (лоттар) зерделенді		Зерделенген лоттардың үлесі, %	Бұзушылықтар анықталған лоттар		%
		саны	млрд. теңге	саны	млрд. теңге		саны	млрд. теңге	
1	Ақмола облысы	194 632	505,8	20 374	293,2	10	1 092	77,4	5
2	Ақтөбе облысы	122 826	547,9	28 688	267,6	23	1 972	64,6	7
3	Алматы облысы	154 579	700,0	9 429	172,8	6	2 317	36,6	25
4	Атырау облысы	90 868	556,6	10 418	315,1	11	822	14,4	8
5	БҚО	170 338	355,5	15 667	204,6	9	1 247	18,0	8
6	Жамбыл облысы	154 110	342,1	18 200	153,7	12	2 998	54,0	16
7	Қарағанды облысы	209 081	634,5	27 099	369,2	13	2 347	74,4	9
8	Қостанай облысы	224 168	451,3	22 604	270,1	10	1 827	53,9	8
9	Қызылорда облысы	120 350	403,2	14 792	223,9	12	856	28,6	6
10	Маңғыстау	82 159	263,3	7 373	50,8	9	406	26,0	6

	облысы								
11	Павлодар облысы	179 981	399,1	26 372	269,2	15	1 315	18,0	5
12	СҚО	128 489	234,1	15 950	142,8	12	1 546	31,4	10
13	Түркістан облысы	258 640	1017,9	32 044	236,3	12	4 092	50,9	13
14	ШҚО	330 652	428,8	22 277	190,8	7	1 942	31,9	9
15	ҚР Қаржы министрлігінің ІМАК	130 137	1024,9	15 130	116,1	12	702	41,5	5
16	Астана қ.	214 714	1955,6	11 033	411,5	5	533	111,4	5
17	Алматы қ.	207 263	1087,3	41 315	637,2	20	2 319	70,8	6
18	Шымкент қ.	8 436	59,1	2 048	34,8	24	102	3,2	5
	Барлығы	2981423	10967,2	340813	4359,5	11	28435	807,1	8
Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған									

3-кестеден көрініп тұрғандай, 2018 жылы жалпы сомасы 10967,2 млрд. теңгеге 2981423 мемлекеттік сатып алу өткізілді. Камералдық бақылаумен лоттардың тек 11% ғана қамтылды, бұл жалпы сомасы 4359,5 млрд. теңгеге 340813 мемлекеттік сатып алуды құрады. Осы жылы мемлекеттік сатып алуды өткізу ережелерін бұзған 28435 лот анықталды, бұзушылықпен өткен мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы 807,1 млрд. теңгені құрады. Бұзушылықтары бар лоттардың ең үлкен үлес салмағы Алматы облысында (камералдық бақылаумен қамтылғандардың 25%), Жамбыл облысында (16%) және Түркістан облысында (13%) анықталды. Қаржы аспектісінде бұзушылықтардың ең көп сомасы Астанада (111,4 млрд. теңге), Ақмола облысында (77,4 млрд. теңге) және Қарағанды облысында (74,4 млрд. теңге) анықталды.

4 кесте – 2019 жылғы электрондық камералдық бақылау нәтижелері

№	ІМАД	МСА барлығы		МСА (лоттар) зерделенді		Зерделенген лоттардың үлесі, %	Бұзушылықтар анықталған лоттар		%
		саны	млрд. теңге	саны	млрд. теңге		саны	млрд. теңге	
1	Ақмола облысы	149 091	589,1	89 698	538,6	60	1 068	75,2	1
2	Ақтөбе облысы	92 120	342,5	61 695	273,5	67	1 377	25,1	2
3	Алматы облысы	127 798	703,9	75 142	602,7	59	5 509	107,0	7
4	Атырау облысы	68 384	611,7	39 866	558,1	58	861	16,6	2
5	БҚО	142 335	339,4	80 391	283,8	56	959	22,8	1
6	Жамбыл облысы	106 890	462,9	69 689	369,0	65	2 961	26,9	4
7	Қарағанды облысы	163 444	632,7	87 127	552,2	53	2 476	72,1	3
8	Қостанай облысы	188 917	472,2	83 247	393,0	44	737	30,1	1
9	Қызылорда	95 600	432,6	52 540	369,2	55	1 117	32,3	2

	облысы								
10	Маңғыстау облысы	66 833	381,8	35 688	179,0	53	709	39,5	2
11	Павлодар облысы	148 045	432,7	65 972	381,3	45	1 689	23,8	3
12	СҚО	109 710	257,4	64 730	229,4	59	1 001	37,0	2
13	Түркістан облысы	118 434	742,1	76 375	468,7	64	2 367	43,5	3
14	ШҚО	240 371	642,2	137 932	567,7	57	2 157	67,3	2
15	ҚР Қаржы министрлігінің ІМАК	109 531	1607,8	84 034	1353,6	77	9 297	519,9	11
16	Астана қ.	158 680	2100,7	102 283	1614,0	64	1 500	126,8	1
17	Алматы қ.	165 649	1131,5	116 355	1014,1	70	1 671	79,2	1
18	Шымкент қ.	75 368	519,8	49 429	446,8	66	912	16,7	2
	Барлығы	2327200	12403,0	1372193	10194,7	59	38368	1361,8	3
Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған									

